

Қожа Ахмет Ясауи атындағы Халықаралық қазақ-түрік университеті
Экономика, басқару және құқық факультеті
Қызмет көрсету саласы даярлау бағыты бойынша Академиялық
комитет мәжілісінің №2 хаттамасы

Түркістан қаласы

25.12.2024жыл

Қатысқандар: АК төрағасы – Исаева А., АК мүшелері : Құралбаев А., жұмыс беруші өкілі – Нуримбетов А., Айнакожаев Е., білімгерлер – Ақжол Ж., Усенбеков Б., Тұрғанбеков А.

Күн тәртібі:

1. ББ аудиттері және шешімдер қабылдау (жаңарту, қолданыстан шығару, жаңа ББ әзірлеу, бірлескен, қосдипломды ББ әзірлеу).

Тыңдалды:

АК төрағасы Исаева А. сөз алып күн тәртібіндегі негізгі мәселемен таныстырып өтті. Қызмет көрсету саласы даярлау бағыты бойынша 6B11157-Туризм және 6B11180-Мейрамхана ісі және қонақ үй бизнесі 2 білім беру бағдарламасы бойынша жұмыс жасап жатырмыз. Алайда студент контингентінің аз болуына байланысты Мейрамхана ісі және қонақ үй бизнесі білім беру бағдарламасының білім алушыларын тарату қажет екендігін, сонымен қатар реестрден білім беру бағдарламасын алу керектігі туралы шешім қабылдану керек екендігін айтып өтті.

АК мүшесі Құралбаев А. сөз кезегін алып, білім алушы санының 10 жетпейтіндігін, бұл білім беру бағдарламасының топ болып құрыла алмайтындығын алға тартып, АК мүшелеріне білім беру бағдарламасын реестрден алу, қолданыстан шығару керектігін айтып, тағы да жаң-жақты қарастырып шешім қабылдану мәселесін қарастырды.

Сонымен қатар, бірлескен білім беру бағдарламаларын, Қос диплом бағдарламаларын дайындау жолдарын да қарастыруымыз керектігін айтты. Қазіргі заман талабына сай технологияның дамуын ескере отырып жасанды интелект технологиясын да білім беру бағдарламаларының пәндерінің мазмұнына қосу немесе жаңа пән ретінде қалыптастыруды да қарастыруды ұсынды.

АК мүшелері Мейрамхана ісі және қонақ үй бизнесі білім беру бағдарламасы бойынша реестрден алу, қолданыстан шығару бойынша ұсынысты қабылдап, бірауыздан келісті.

Шешім:

1. Мейрамхана ісі және қонақ үй бизнесі білім беру бағдарламасын
реестрден шығаруға ұсыныс берілсін.

АК төрағасы



А.Исаева